

Атақты қазақтың есімі — мәңгілік

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Байбосын Сайлаудың «Қазақ әдебиеті» газетінің биылғы жылдың №6 санында «Жақсы мен жайсаң» айдарында жарық көрген «Алаштың Аймауытовын іздейтін кім бар?» деген мақаласына орай қолыма қалам алуға тура келді.

Жазушы Сайлау ініміз аталмыш мақаласында алдымен Жүсіпбек Аймауытовтың қазіргі кезде туылған жылында нақтылық жоқтығынан оны 1889, 1890, 1892, 1895 жылы дүниеге келді деп әр түрлі жазылып жүргенін сөз қылып, дұрысы — 1895 жыл екенін айтады. Бұл жылдардан басқа ол 1888 жылы туылған деген де дерек бар.

Енді осы көрсетілген жылдар төңірегінде сөз қозғап, олардың әрбіріне сараптау жүргізіп байқайық.

Академик Серік Қирабаев 1989 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жүсіпбек Аймауытов. Шығармалары» атты бір томдық кітаптың алғы сөзіне төмендегідей деректерді тізбелеп жазады.

«1907 жылы Жүсіпбек молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс мектебіне түседі... 1911 жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1919 жылы бітіреді» (жоғарыда көрсетілген кітаптың 4-5 беттері).

Осы академик айтқан деректер бойынша, егер Жүсіпбек Аймауытов 1888, 1889, 1890 жылдардың бірінде туылған болса, онда ол 19 бен 17 жас аралығында, яғни бозбала кезінде, Баянауылға барып орыс мектебіне түскен болады. Содан кейін 23 пен 21 жас аралығында, яғни жас жігіт шағында, Керекудегі екі класты орыс-қазақ мектебіне түскен боп шығады. Сосын Жүсіпбек 31 мен 29 жас аралығында Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірген болады.

Міне, осы айтылғандар арқылы Жүсіпбектің әр түрлі оқу орнында оқыған кездегі жас мөлшерін байыппен болжап қарағанда шындыққа жанасады деуге өсте болмайтын сияқты. Неге десеңіз, Жүсіпбектей тумысында зейінді баланың бозбала шағында Баянауылдағы орыс мектебіне түскені күмәнді екені анық. Осы жерде Шоқан Уәлихановтың 12 жасында, яғни ойын баласы кезінде, Омбы қаласындағы кадет корпусына оқуға түскенін қаперге алып, ойланып көрейікші,

да...». Бұл құжатта көрсетілген Жүсіпбек Аймауытов «1892 жылы туды» деген жыл да оның өміріне байланысты қолда бар дәйектерге сүйеніп тексеріс жасағанда дұрыс болмай шықты.

Енді тексерілуге қалған тек 1895 жыл ғана. Сайлау Байбосын өзінің аталмыш мақаласында: «Жүсекең (Жүсіпбек — С. Ж.) өзінің Мәшекеңе (Мәшһүр Жүсіп. — С. Ж.) жазған бір хатында «Сұлтанмахмұттан (Торайғыров. — С. Ж.) екі жас кішімін» деп айтқанын жазады. Онда Жүсіпбек Аймауытов 1895 жылы туған болады.

Қазақстанға белгілі ғалым Серікқали Бәйменше «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 28 желтоқсан күнгі санында жарияланған өзінің «Құпия құлпытас» атты мақаласында Мәскеу жақтан қолына түскен бір құжаттарға сүйеніп отырып, Жүсіпбек Аймауытовтың 1895 жылы туғанын айтады. Бұл дерек турасында «Құпия құлпытас» атты мақаладан оқығанын Сайлау Байбосын да өзінің аталмыш мақаласында жазады.

Серікқали Бәйменше «Құпия құлпытас» деген мақалада Жүсіпбек Аймауытов, Ахметсапа Жүсіпов және Дінмұхамед Әділов сияқты арыстарымыздың 1928-1929 жылдардағы «Контрреволюциялық ұйымға мүше болғаны үшін» деген айыппен тұтқындалып, 1930 жылғы 21-ші сәуірде атылғанын, олардың денелерінің Мәскеудегі Ваганков зиратында жерленгенін айтады. Сонымен бірге Серікқали Бәйменше өзінің мақаласында: «1928 жылы 440 адамды, 1929 жылы 1383, ал 1930 жылы 1229 адамды ату жазасына кескен Бас саяси басқарма (орысша: ГПУ. — С. Ж.) алқасының 1934 жылы НКВД құрылғанға дейін КСРО-ның басқа өңірлерінде тұрғандарды Мәскеуге этаппен алдырғанын өткен заманның кейбір жарияланымдарынан кездестіруге болады. Жүсіпбек, Ахметсапа, Дінмұхамедке үкім шығарған ГПУ алқасы, демек, бұлардың Мәскеуде атылуының сыры осында болса керек, — деп жазады.

Сонымен, «Аймауытов Жүсіпбек 1895 жылы туған» дегенді шүбәсіз дұрысқа санап, тоқтамға келуіміз керек сияқты.

Ендігі бір ескерер жайт: қазірде Жүсіпбектің өлген жылы «1931» деп жазылып жүр. Ал оның 1930 жылы Мәскеуде атылғаны жоғарыда айтылды. Яғни, ол 35 жыл ғана өмір сүрген. Биыл Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 119 жыл болады.

Жүсіпбекті жас жігіт шағында Керекудегі (Павлодардағы) екі класты орыс-қазақ мектебіне оқуға орналасты дегенге нануға бола ма? Әрине, болмайды!

Бұл мектепке 1911 жылы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев та 12 жасында оқуға түсіп, оны ол Жүсіпбекпен бірге 1914 жылы бітіріп шыққаны белгілі. Жүсіпбектің Семейдегі мұғалімдер семинариясын 29-31 жас шамасында бітірді деу де неғайбілдеу.

Сонымен, жоғарыда айтылғандай, нанымсыз деректерді ескере отырып, Жүсіпбек Аймауытов 1888, 1889, 1890 жылдардың бірінде туды деген даталар — мүлдем қате. Сондай-ақ, Семейдің мұғалімдер семинариясы директорының Семейдегі облыстық «Земская управаның» халық ағарту бөліміне жолдаған құжатында мынадай дерек бар: «... дано это свидетельство окончив школу полный курс учения Жусупбеку Аймауытову, ... родившемуся 30 ноября 1892 го-

Казақ поэзиясының классигі Жүсіпбек Аймауытовқа байланысты Сайлау Байбосынның сұрағына қатысты әңгімеміздің соңында айтарымыз: «Қазақ әдебиеті» газетінің биылғы жылдың №5 санында басылған журналист Айдар Сейдәзімнің «Бозымбаев болашағын қазақ тілімен байланыстырып отыр» атты мақаласын оқып, Павлодар қаласында Жүсіпбекке ескерткіш орнатылғанын білдік және осы мақаладан оның аруағын ескерусіз қалдырмай зиялы азаматтарды жұмылдырып, оның сүйегін Мәскеуден әкеліп, кіндік қаны тамған Баянаула өңіріндегі бұрынғы Қызылтау болысының бірінші ауылында қайта жер қойнауына беруге медет болатын, қазақ елінде ұлт мүддесіне жанашыр Бозымбаев Қанаттай азамат барына газет оқырмандарының көздері жетті деуге болады.

**Серік Жақсыбаев,
Екібастұз қаласының құрметті азаматы.**